

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» бас-пасы, 2014. – 640 бет.
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 376 б.
3. Аймауытов Ж. Ақбілек: повесть, роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
4. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. 2-кітап. Абай/ М. Әуезов. . – Алматы: Жазушы, 2002. – 328
5. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
6. Кекілбайұлы. Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 2010. – 312 б.
7. Кекілбайұлы. Ә. Ханша-Дария хикаясы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.

#### Сеитова Меруерт

Академик Е.А. Бөкетов ат. ҚарУ магистранты

Ғылыми жетекшісі:  
ф.ғ.д., профессор  
Ш. Мажитаева

### Х. ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ елінің рухани-мәдени өмірінде ерекше із қалдырған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхан, М. Тынышпайұлы, Е. Омарұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Т. Шонанұлы, Н. Төрекүлұлы сияқты асыл азаматтарымыздың өмірі мен еңбектері кейінгі кезде зерттеу жұмыстарының өзегі болып, халық олардың асыл мұраларымен қайта қауышты. Олардың қатарында қазақ халқының қалаулы ұлдарының бірі, зор талан иесі Халел Досмұхамедұлы да бар.

Үстіміздегі ғасырдың 10-20 жылдарында халқына қалтқысыз қызмет еткен «алыптар тобының» көрнекті өкілі қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан «Алаш» қозғалысының көшбасшыларының бірі, жан-жақты ғұлама ғалым, ірі ұстаз, белгілі ағартушы, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырған.

Халел Досмұхамедұлы мамандығы дәрігер бола тұрып тек медицина, гигиена салалары бойынша ғана емес, жалпы табиғаттану, анатомия физиология, зоология пәндеріннен мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының шәкірттеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш төл оқулықтардың авторы болып келеді. Ол 20-шақты кітап, 40-тан аса мақала жазған ғалым. Бір ғана «Жануарлар» деген кітабы үш бөлімге бөлініп, әрқайсысы 200-300 беттік үш кітап болып 1922-1928 жылдарда ең кемі екі реттен басылып шыққан. Атақты жаратылыстанушы ғалым Ю. Вангердің анатомия мен ботаника тақырыптарына арналған «Рассказы о том, как устроено и работает наше тело» (1924) және «Рассказы о том, как живут и устроены растения» (1924) деген танымдық еңбектерін қазақшаға аударған.

Солардың бәрін жиып-теріп, оның ғылыми-теориялық пайымдауларын, практикалық ой-ізденістерін, қазақ тіл біліміне қосқан үлесін зерттеп, анықтау – кейінгі ұрпақтың парызы. Ұлт мәдениетінің осы саладағы зәру мәселелерін зерттеп, ілгері дамытудағы ғылымның құнды ғылыми еңбектерін елеп-екшеп, қосқан жаңалықтарын зерделі көзбен қарауды қажет етеді.

Ғалым бір мақаласында: «Бұл дүниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі», – деп жазған екен.

Көсем тұлғаның дәл осы сөзін өзіне бағыштап айтуға болады. Х. Досмұхамедұлының мол мұрасын зерттеп, оның ғылыми дәстүрін әрі қарай жалғастыру – жас буын өкілдерінің перзенттік парызы.

Тіл тағдырына байланысты терминология мәселесін қайтадан, қоғамдық-әлеуметтік өмірмен санаса отырып қарастыру туралы Ә. Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде терминология мәселесіне жарты ғасырдан кейін оралуға мәжбүрлік туғызып отырған үш себепті атап көрсетті [1, 89].

Осы еңбектегі принциптерде айтылған пайымдаулар Халел еңбектеріндегі терминдер туралы айтылған пікірлерге сәйкес келеді.

Жоғары оқу орындарына медицина, жаратылыстану саласына арнап алғашқы оқулықтар жазуда, терминдерді жасауда Х. Досмұхамедұлы А. Байтұрсынұлы көрсеткен принциптерді басты бағдар етіп алды.

Ғалым өзіне дейін А. Байтұрсынұлының «Тіл - құралынан» басқа ешбір ғылым жайында кітаптың болмағандығын ескерте келіп, алдында үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиынға соққандығын айтады. Араб-парсы, орыс тілдерінен енген бірен-сараң атаулардан қашпай, оларды ғылым жолына салып реттесе, қазақ тілі ешбір жұрттың тілінен кем болмайтынын ескертеді.

Еуропа жұрттарының ғылым тілі ретінде алғаны латын тілі екенін айта келіп, ғалым «Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын атын терминдерді де ұлғайып барады», – дейді.

Ғылымды, ғылым тілін жасау жұмысының маңыздылығын айта келіп: «біздің алған жолымыз мынау болды: ғылым атауларына ең әуелі лайықты сөздерді қазақ-қырғыз тіліндегі сөйленіп жүрген, аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған қалде ескі ұмытылып қалған түрік сөздерінен, өзбек, ноғай, ғұсманлы сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді іздедік. Бұл ретте қолайлы сөзден лайықты туынды сөздер шығаруға тырыстық», дей келіп жаңадан туынды сөз шығарудың қиындығын, жаңа сөзді көп бұзбайтын, жаңалығы көп сезілмейтін сөз болу керектігін, сөзді шамасы келгенше аз тудыруға тырысқандығын, қолайлы сөз табылмағанда, ғылым атауларын латын тілінен алғандығын айтады.

Х. Досмұхамедұлының терминология саласындағы шығармашылығын сөз еткенде оның қазақ терминологиясына қосқан екі түрлі үлесін атап өткен жөн.

1) А. Байтұрсынұлы және т.б. ғалымдардың өз тұтастарының қолданған терминдерді қолданып, олардың қалыптасуына, тұрақтануына, өз үлесін қосты. Мысалы, *буын, таңба, қарып, дәйекшіл, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, сөйлем, жарты дауысты дыбыс, үндестік заңы, қосалқы сөз, демеу, қосымша, есімдік, етістік, түбір сөз, туынды сөз* т.б.

2) Өз тұсынан, әсіресе, медицина, жаратылыстану ғылым салалары бойынша жаңа терминдерді туғызып, қазақ терминологиясының баюына елеулі үлес қосты. Бұл топтағы сөздердің өзін ішінара үш топқа бөлуге болады.

а) жеке дара қосымшасыз түбір сөздерден құралған атаулар. Мысалы, *тұқыл (түбір), мәуек (щетка), обқыр (фагоцит)* т.б.

ә) жұрнақ арқылы жасалған сөздер. Мысалы, *азықшы (азықтандыратын адам), гулеме (сквозняк), үндеуші (пропагандист), буылтықсыз (тегіс), бүктетінсіз (бүктетілмей), кидірмелеп (тым жақылдамау) бұхырлау (дизинфекциялау)* т.б.

б) сөздерді тіркестіріп, қосарлап, біріктіру амалы арқылы жасалған сөздер. Мысалы, *мезгілді жұмысшы (сезонный работник), сырттан оқу (заочное обучение), әдістеме бұйрасы (методическое бюро), жатақты мектеп (школ-интернат), тас қалам (грифель), төбеаға (председатель), ардақты мүше (действительный член), жарық жүйкесі (зрительный нерв)*, т.б. [2, 73].

К. Нұрпейісов айтуынша, Х. Досмұхамедұлы терминдік атауларды қолданғанда, оқушыға ұғынықты болу жағын қарастырып, ол сөздерді үш түрлі тәсіл арқылы түсіндіріп отырған. 1.Түсініксіз сөздерді, шет ел сөздерін кейде не орысша, не қазақ сөздерімен түсіндіру; а) Шет тілдерден енген сөздерді орысша түсіндіру. Мысалы, *әфсана (легенда), әһлі сәлиб (крестовые походы), гүнсұр (элемент), риадат (математика), дүниауи (светский), фрадис (гипотеза), фи алжұмла (воолице), ләже (наречие), кашифийат (открытие), устах (термин)*, т.б. ;

ә) шет тілдерінен енген сөздерді қазақша түсіндіру. Мысалы, филолог (тіл ғылымына жетік адам), классик (үлгі), оригинал (түп), асты, үсті (харакат), фазиат (артықтық), ибаре (текст).

2. Жақшаның ішінде кейбір терминдердің варианттары беріліп отырған. а) Қазақша жазып отырып, белгілі бір сөздің орысша баламасын жақшаның ішінде келтіріп отырады. Мысалы, *түзетушілер (корректор), түп (оригинал), рухани мағына (духовное содержание), дүниауи мемлекет (светская власть), бұқарашыл (демократия), төңкерісшіл (революционер), назар (взгляд)*, т.б.

ә) қазақша жазып отырып, белгілі бір сөздің түп нұсқадағы баламасын жақшаның ішінде келтіріп отырады: *шамның қақпағы (абажуры), ақ шыңы (форфор), (жар (дуал), шаман (бақсы), ұйқының уы, (токсині), т.б.* 3. Х. Досмұхамедұлы терминдерді түсіндіргенде тек қана сипаттама әдісін қолданумен шектелмей, көрнекті құралдарды, түрлі суреттерді пайдаланып отырған [3, 61].

Х. Досмұхамедұлы терминдердің қабылдау принциптеріне ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру мәселесіне де көп көңіл бөлді. Ғалым бұл жөнінде мынандай ұсыныс енгізген болатын. «Бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болу керек. Пән сөздері әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс, ол пән сөздері сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қауаруына түсіп, бекіп шығуға тиіс», – деп ұйымдастыру

жағынан бірден-бір дұрыс жол ұсынады. Біз осы күні Х.Досмұхамедұлының бұл ұсынысын қолға алсақ, керемет болар еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Кайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 176 б.
- 2 Досмұхамедұлы Х. Тандамалы, Алматы: Ана тілі, 1998. – 385 б.
- 3 Нұрпейісов К., Құлкенов М. Х. Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996.

**Рамазанова А., Шәкәрім А.**  
студентки 3 курса КарГУ, г. Караганда

Научный руководитель:  
к.ф.н., доцент Нурпейсова С.К.  
svetlana943865@gmail.com

### ПОЛИЯЗЫЧИЕ – ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ

Всем нам хорошо известно, что межкультурная коммуникация влияет на развитие общественных отношений внутри каждой страны и между народами. Известно также, что именно язык является главным выразителем самобытности культуры и основным посредником в межкультурной коммуникации. Важным составляющим культуры выступает язык, поскольку культура создается человеком, а человек без общества существовать не может.

Актуальность межкультурной коммуникации сегодня все больше проявляется в тесном сотрудничестве в различных сферах и заставляет общаться людей независимо от того к каким культурам они принадлежат.

Согласно Е.М. Верещагину, межкультурной коммуникацией называют адекватное взаимопонимание двух участников коммуникативного акта, принадлежащих к разным национальным культурам. «...даже владея одним и тем же языком, люди не всегда могут правильно понять друг друга, и причиной часто является именно расхождение культур» [1].

В условиях глобализации языковая сфера общественной жизни оказывается наиболее подверженной значительным изменениям. Это можно объяснить тем, что темп и характер трансформации политической, экономической и культурной систем во многом зависят от языковых, этнокультурных, социальных и иных конкретно-исторических условий, специфичных для каждой отдельно взятой страны.

Однако наиболее характерные черты межкультурной коммуникации ученые рекомендуют рассматривать, как совокупность разнообразных форм отношений и общения между индивидами и группами, принадлежащими к разным культурам, а одним из важнейших компонентов культуры выступает язык. «Язык не существует вне культуры, то есть внесоциально унаследованной совокупности практических навыков и идей, характеризующих наш образ жизни» [2].

Наряду с английским языком, который в наше время используется в большинстве стран мира в качестве связи между разными культурами, русский язык занимает более нижнюю позицию. Несмотря на это, в ряде государств он служит вторым языком, на котором разговаривают между собой граждане, а также используется как средство адаптации русскоязычных туристов.

В этой связи новое звучание приобретает проблема языкового образования. Исходным при этом является идея о том, что изучение любого языка должно сопровождаться изучением культуры носителей этого языка.

Становясь участниками любого вида межкультурных контактов, люди взаимодействуют с представителями других культур и открывают новые возможности и формы общения, где проявляется взаимопонимание, диалог культур, рождается познавательный интерес к иным культурам и стремлением обогатить свою духовность, которое в свою очередь порождает интерес к глубокому изучению языка данного народа и уважение к культуре партнеров по коммуникации.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем. Развитие государственного, казахского, языка, сохранение и развитие